





Мұхтар Омарханұлы Әуезов

Балалықтан—даналыққа



Мұхтар Әуезов



Мұхтар Омарханұлы Әуезов — қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ғылым академиясының академигі (1946), филология ғылымдарының докторы, профессор (1946), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1957).



Өмірбаяны

Мұхтар Әуезов қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы Бөрілі деген жерде 1897 жылы 28 қыркүйекте дүниеге келген. Шыққан руы қожа.



Әкесі Омархан мен атасы Әуез сауатты кісілер болған. Мұхтар атасының қолында өскен. Атасы Әуез бен әжесі Дінасылдың тәрбиесінде болған бала Мұхтардың алғаш сауатын ашушы да атасы. Соның арқасында ол алты жасынан Абайдың өлеңдерін ауылдастарына жатқа оқып беретіндей дәрежеге жетеді.

Балалықтан—даналыққа

Бала Мұхтар... болды әжесі бір асыл —
Жаңылмасам, еді-ау аты — Дінәсіл.
Арабшаны Әуез қария үйретсе,
Үйретті әже елдің дәстүр, мұрасын...

Ақ-қарасын айналаның анықтай,
Қаршадайдан жыр жаттады жалықпай.
Өмір бейне теңіз болса шалқыған,
Жүзді Мұхтар емін-еркін балықтай.

Ол Семейде училище тауысты,
Іле-шала ұстаздыққа ауысты.
Ал сонан соң?.. Кетті шалғай Ташкентке,
Үлкен ғылым арнасымен қауышты.

Жылдар өтті... Жігіт болып ержетті,
Мұхтар ойын шабыт күйі тербетті,
Ел тарихы — туғызды «Еңлік — Кебекті»,
Тілі шебер, қойылымы көрнекті.

Тұңғыш ұлттық театрымыз ашылды,
Сахнаға гүл шоқтары шашылды.
Мұхтар жазған сол «Еңлік — Кебекпен»
Театрдың шымылдығы ашылды.


Балалықтың бастан кешкен базарын,
Бұл өмірдің тәтті тұсын, азабын,
Өткелдерін... өткерген өз басынан
Мұхтар деген осынау дана қазағым.

Жалқау болып жайбарақат жатпаған,
Оқығанын, тоқығанын сақтаған —
Шежіре боп құйылатын қаламнан,
Даналыққа ол осылай аттаған!



Мұхтар Әуезовтің шығармалары

Әуезовтің тарихи тақырыпқа баруының тамыры тереңде жатыр. Тұңғыш көркем туындысы «Еңлік-Кебек», одан кейін «Хан Кене» мен «Қилы заман», «Айман-Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды» драмалары да осыны аңғартады. Бұлардың кейбіреуі ел арасында кең тараған, бұрыннан белгілі сюжетке құрылса, «Хан Кене», «Қилы заман» тарихта болған нақтылы оқиғаларды арқау еткен.



«Абай жолы» роман-эпопеясы

«Абай жолы» – Мұхтар Әуезовтің әлемге әйгілі роман-эпопеясы. «Абай жолы» – қазақтың көркем прозасын классикалық деңгейіне көтеріп, әлем әдебиетіне көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқын, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан энциклопедиялық деңгейде жан-жақты ашып көрсетті. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы әлемдік деңгейде: «XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі» (Луи Арагон) деген жоғары баға алды. Сондай-ақ бұл роман-эпопея қазақ халқын, қала берді бүкіл түркі әлемін дүние жүзіне танытқан ұлы шығарма ретінде де танылды.



«Абай жолы» роман-эпопеясы

Әуезов алғашқыда екі кітаптан тұратын «Абай» (1942, 1947), онан кейін мұның жалғасы болып табылатын «Абай жолы» (бұл да екі кітаптан тұратын; 1952, 1956) романын жазды. Осы төрт томнан тұратын «Абай жолында» қазақ қоғамының алуан түрлі топтары кең қамтылып, сан қырлы тұтас көрмесі жасалды. Онда қазақ халқының этнографиялық, діни, жалпы мәдени-танымдық дәстүрлері: жаз жайлауға көшу, құдалыққа бару мен той жасау, кісі өлімі мен аза тұту, ас беру, жұт, болыс сайлауы, дауға билік айту, аң аулау мен табиғат көріністері, т.б. бәрі бар.



«Абай жолы» дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылған. 200 томдық «Әлем әдебиеті кітапханасы» топтамасында екі том болып басылды.



Назарларыңызға рақмет!

